

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗК» АҚ-ның 2023 жылғы 1 тамыздағы негізгі көрсеткіштеріне шолу: зейнетақы жинақтары бір жылда 20% өсті

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша отандастарымыздың зейнетақы жинақтарының көлемі **16,4 трлн теңге** болды. Бір жыл ішінде ол **2,7 трлн теңгеге** немесе 20% өсті.

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары бір жыл ішінде 19,5% ұлғайып, 2023 жылғы 1 тамызда **15,8 трлн теңгеге** жетті.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары шамамен **517 млрд теңге**, бір жылда 27,8% көбейді.

Ең үлкен өсім – 57,8% нәтижені ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен жинақталған қаражат көрсетті. Ол 2023 жылғы 01 тамызда шамамен **4,5 млрд теңге** болды.

Бір жеке зейнетақы шотындағы МЗЖ есебінен жинақтардың орташа мөлшері – 1 438,5 мың теңге. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 18,1% артық. Есепте барлық салымшылардың, яғни жинақтаушы зейнетақы жүйесіне жаңадан кіргендердің де, жүйеге 25 жыл бойына жарна аударып келгендердің де жеке зейнетақы шоттары ескерілді. Жинақ сомасына салымшының табысына тәуелді жарнаның жүйелілігі мен сомасы үлкен әсер етеді.

Жинақтардың өсуі зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыс түріндегі кіріс ағындары есебінен қалыптасады. Бұл ретте 2023 жылғы қаңтар-шілде айларындағы зейнетақы жарналары **1 198,4 млрд теңге** болды. Ол өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **26%** артық: өсімді МЗЖ (ЖЗШ-ға **1 142,3 млрд теңге** түскен, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім **26%**), МКЗЖ (**54,82 млрд теңге**, өсім 26%) көрсетті. ЕЗЖ көлемі 1265 млн теңге.

2023 жылғы қаңтар-шілде айларындағы таза инвестициялық кіріс – **760,9 млрд теңге**.

БЖЗҚ-дан төлемдер түріндегі шығыс ағындары жыл басынан бері шамамен **286,2 млрд теңге** болды. Бұл соманың басым бөлігі – шамамен **132 млрд теңге** тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінен (БЖТ) тұрады. Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 85% төмендеді.

Зейнет жасына байланысты төлемдер – шамамен **83,3 млрд теңге**.

Сондай-ақ, мұрагерлік бойынша төлемдер – **30,04 млрд теңге**, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – **22,4 млрд теңге**, мүгедектігі бар адамдарға берілген төлемдер – **1,6 млрд теңге**, жерлеуге берілетін төлемдер – **3,5 млрд теңге**. Сақтандыру ұйымдарына шамамен **13,3 млрд теңге** аударылды.

Айта кету керек, БЖЗҚ-дан кесте бойынша орташа айлық төлем сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) **32 122 теңге** болса, ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы - **742 692 теңге**. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың осы кезеңіндегі БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайынғы төлемнің орташа сомасы **29 812 теңге**, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы - **707 326 теңге** болған еді.

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қордағы жеке зейнетақы шоттарының саны 12,22 млн бірлікке жетті. Оның ішінде 11,02 млн. жеке шот міндетті зейнетақы жарналарының есебін жүргізеді. Ал МКЗЖ бойынша шоттар саны – 621 353 бірлікке тең. 381 774 шот ерікті зейнетақы жарналарының есебі бойынша ашылған.

Зейнетақы активтері, оның ішінде еліміздің өңірлері бөлінісі бойынша статистикалық деректер туралы барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы "**Көрсеткіштер**" бөлімінде орналастырылған.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).